



«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының 2011 – 2020 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 892 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының 2011 – 2020 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1

т а м ы з д а ғ ы

№

8 9 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы

«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының 2011 – 2020 жылдарға арналған даму стратегиясы

Мазмұны

- К і р і с п е
1. Ағымдағы жағдайды талдау
 - 1.1. Сыртқы ортаны талдау
 - 1.2. Ішкі ортаны талдау
 2. Миссия және пайымдау
 3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер
 - 3.1. Стратегиялық бағыт – Холдинг қызметінің басым бағыттарында зерттеуден бастап ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізгенге дейінгі ғылыми-инновациялық

3.2. Стратегиялық бағыт – Холдингтің активтерін тиімді басқару Қорытынды

Кіріспе

Жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Холдинг) «Арна Медиа» ұлттық ақпараттық холдингі», «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі», «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» акционерлік қоғамдарын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 шілдедегі № 668 қаулысына (бұдан әрі – қаулы) сәйкес құрылған, онда акцияларының мемлекеттік пакеттері Холдингтің орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге берілетін заңды тұлғалардың тізбесі бекітілген.

Осы Холдингтің 2011 – 2020 жылдарға арналған даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) мынадай стратегиялық құжаттарда негізі салынған Қазақстан Республикасының даму қағидаттарына сәйкес келеді:

1) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

2) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

3) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

4) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Қазақстан – 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі, Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

5) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

6) «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Ж а р л ы ғ ы ;

7) «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы;

8) «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы;

9) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 160 қаулысы.

Осы құжат Холдингтің 2011 – 2020 жылдар кезеңінде дамуының негізгі стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Стратегияда қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру Холдингтің еншілес ұйымдарын тиімді басқару есебінен қамтамасыз етіледі. Стратегияны іске асыру нәтижелері бойынша Холдингтің қызметін бағалау жүзеге асырылады.

Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының барлық бағдарламалық және жоспарлы құжаттары осы Стратегияның ережелерін ескере отырып, әзірленетін болады немесе оған сәйкестендіріледі.

1. Ағымдағы жағдайды талдау

1.1. Сыртқы ортаны талдау

Сыртқы ортаның ғылыми-техникалық және технологиялық факторлары. Экономиканың динамикалық тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі бірінші дәрежелі рөл өндірістің техникалық және технологиялық базасының үздіксіз жаңартылуын қамтамасыз етуге, жаңа бәсекеге қабілетті өнімдерді игеруге және шығаруға, тауарлар мен қызметтердің әлемдік нарығына тиімді енуге ықпал ететін инновациялар мен инновациялық қызметтерге тиесілі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында отандық кәсіпорындардың шамамен 5%-ы инновация әзірлеуді және игеруді жүзеге асыруда. Ресейде инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі шамамен 10%-ды, Шығыс Еуропа елдерінде 40%-ға дейін құрайды. Өзінің макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша Қазақстан табысы орташа деңгейлі елдер қатарына жатады, алайда КЕІ (білімді экономикада қолдану деңгейі) индексі бойынша елімізді халқының табысы едәуір төмен Кения және Моңғолия сияқты елдермен салыстыруға болады. Тұтастай алғанда, сарапшылар атап өткендей, Қазақстанда қалыптасқан жағдайды бағалау инновациялары қолдау мен енгізудің тиімді тетіктерін қалыптастыру ұлттық инновациялық жүйенің әлсіз буыны болып қалады деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Сыртқы ортаның экономикалық және қаржы-шаруашылық факторлары. Инновацияларды құрудағы іргелі база ғылыми инфрақұрылымдар болып табылады. Қазақстанның едәуір ғылыми-техникалық әлеуеті бар, бірақ, отандық ғылымның ел экономикасының дамуына ықпал етуі әлсіз болып отыр. Осыған байланысты ғылыми,

ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу мен тікелей және жанама ынталандырудың нарықтық тетіктерін, шараларын ұтымды үйлестіру қажет.

Ғылыми-техникалық дамуларға белгілі бір әсерін тигізетін негізгі проблемалардың бірі ғылымды жеткіліксіз деңгейде қаржыландыру болып табылады. Мәселен, елімізде ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жылдық көлемі соңғы бес жыл ішінде жалпы ішкі өнімнің 0,2 – 0,3%-ын құрайды, ал елдің ғылыми-техникалық әлеуеті құлдырауға ұшырайтын сарапшылар белгілеген шекті деңгей – 1%-дан төмен.

Ғылымды қаржыландырудың жалпы үлесінде Қазақстандағы тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ТҚЖ) мемлекеттік қаржыландыру үлесінің аздығы тағы бір проблема болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары (бұдан әрі – ҒЗЖ) құрылымында соңғы жылдары іргелі зерттеулер шамамен 21%-ды, қолданбалы – 71%-ды, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар – 8%-ды құрады. Экономикалық дамыған елдерде іргелі, қолданбалы зерттеулер мен ТҚЖ арақатынасы тиісінше 20-30-50%-ды құрайды. Нәтижесінде ғылыми әзірлемелердің басым бөлігі өндіріске енгізуге дайын аяқталған ғылыми-техникалық өнімді алуға дейін жете алмайды.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1308 қаулысында (бұдан әрі – Инновацияларды дамыту бағдарламасы) ғылымға және инновацияларға арналған мемлекеттік шығыстарды 2015 жылға қарай жалпы ішкі өнімнен 1%-ға дейін ұлғайту көзделген.

Сондай-ақ, экономиканың нақты секторларының инновацияларды енгізуге қызығушылықтарының төмендігі және ғылыми зерттеулер бағдарламалары мен кәсіпорындардың инновациялық жоспарлары арасында байланыстың жоқтығы орын алған. Бұл елімізде білімді нақты секторға берудің пысықталған тетіктерінің, сондай-ақ кәсіпорындарда жаңалықтар енгізу үшін пәрменді ынталардың жоқтығына байланысты. Осыған байланысты, Инновацияларды дамыту бағдарламасы жоғары технологиялық шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Сыртқы ортаның саяси және құқықтық факторлары. Соңғы уақытта ел басшылығы Холдинг қызметінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларына ықпал ететін ғылым мен инновациялардың дамуына оң әсерін тигізетін бірқатар шараларды қабылдады.

2008 – 2010 жылдары қазіргі заманғы зерттеу жабдықтарымен жабдықталған ұжымдық қолданыстағы 5 Ұлттық ғылыми зертхана және жоғары оқу орындарындағы (бұдан әрі – ЖОО) инженерлік бейіндегі 15 зертхана ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы 2011 жылғы 18 ақпанда ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қатынастарды реттеуге, елдің ұлттық ғылыми жүйесінің жұмыс істеуінің және оны дамытудың негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындауға

бағытталған, ғылымды басқару жүйесінің жаңа моделін көздейтін Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына қол қойды. Осы Заңға сәйкес барлық бағытта шешімдер қабылдаудағы ғалымдардың рөлі қағидатты түрде артады, ғылыми-техникалық сараптамалар жетілдіріледі, зерттеулерді қаржыландырудың жаңа жүйесі енгізіледі. Заң жобасына енгізілген мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарына инновациялық кәсіпорындар құруға құқық беру тетіктері елдің ғылыми-техникалық дамуы үшін аса маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Дүниежүзілік Қайта құру және Даму Банкімен бірлесіп ғылыми жетістіктерді коммерциялық іске асырудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесін игеруге бағытталған технологияларды коммерцияландыру жобасын іске қосты.

Республикамыздың экономикасын ұзақ мерзімді кезеңде әртараптандыруды қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Осы бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі салалық бағдарламаларды, оның ішінде, Қазақстан Республикасында 2010 – 2014 жылдарға арналған инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу, қазақстандық қамту, минералдық-шикізат кешенін, фармацевтикалық, химиялық өнеркәсіпті, тау-кен металлургия саласын дамыту бойынша бағдарламаларды бекітті. Осылайша, Холдингтің еншілес кәсіпорындарының бай ғылыми әлеуетін ескере отырып, оның әлеуетін пайдалануға үлкен мүмкіндіктер ашылады.

Сондай-ақ, Холдинг ел экономикасының негізгі салалары: тау-кен металлургия, энергетикалық сектор, геология салаларында технологиялық көшбасшылық іргетасын құруды жетілдіруге арналған «Елдің 2020 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1291 қаулысының іс-шараларын іске асыруға белсенді түрде қатысады.

1.2. Ішкі органы талдау

Холдинг қызметінің негізгі нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің айқындауы бойынша Қазақстан Республикасын ғылыми-технологиялық дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында оның жарғылық капиталына акцияларының пакеті мен қатысу үлесі берілген заңды тұлғаларды тиімді басқару болып табылады.

Холдингтің еншілес ұйымдары қызметінің саласы мыналарды қамтиды:

1) көмірсутегі мен тау-кен металлургиясы секторы және олармен байланысты кен және техногендік шикізатты байыту және металлургиялық қайта өңдеу, металлдар,

қорытпалар және композициялық материалдар өндірісі саласындағы сервистік салалар үшін технологиялар әзірлеу және енгізу. Осы саладағы нарықтың үлесі – 25 %;

2) биотехнологиялар, соның ішінде бірегей отандық фитопрепараттар әзірлеу: биологиялық белсенді заттарды іздеу, дәрілік шикізаттарды өсіру, оны қайта өңдеуден бастап жаңа фитопрепараттардың дәрілік нысандарының тәжірибелік-өнеркәсіптік партияларын өндіруге дейін. Осы саладағы нарықтың үлесі – 75 %;

3) күн және су энергетикасы; жел мен фотоэнергетика және энергия үнемдеуші жарық техникасы; жаңа материалдар, спектроскопия және талдамалық аспап жасау, конденсирленген орта физикасы және материалдардың иондық-радиациялық модификациясы, наноқұрылымдар және нанотехнологиялар, ақпараттық жүйелер және технологиялар, жоғары энергия және ғарыштық сәулелер физикасы, лазерлік технологиялар, ядролық физика және радиоэкология, ядролық технологиялар және жаңартылатын энергетиканың басқа да технологияларының бағыттары бойынша зерттеулер және инновациялық қызметтер. Осы саладағы нарықтың үлесі – 20 %;

4) білім беру жүйесін жаңғыртуды қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде сандық білім беру мультимедиа-индустриясын құру және дамыту, оның ішінде, әдіснамалық қамтамасыз ету, қашықтықтан оқыту технологиясы, қолданбалы білім беру бағдарламалық өнімдері, мультимедиялық оқыту теледидарлық бейнефильмдері, инфокоммуникациялық инфрақұрылым мен бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту. Осы саладағы нарықтың ү л е с і – 5 0 % ;

5) сейсмология және күшті табиғи мен техногенді жер сілкіністерінің салдарын азайту облысында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу. Осы саладағы нарықтың ү л е с і – 8 0 % ;

6) гидрогеология және гидрофизика, геоинформатика және табиғи гидрогеологиялық процестерді моделдеу, жер қойнауындағы су ресурстарын кешенді және ұтымды пайдалану және қорғау, техногенді гидрология, жер асты суларының мониторингі салаларындағы зерттеулер. Осы саладағы нарықтың үлесі – 50 %;

7) минералды-шикізат секторын дамыту және экологиялық проблемаларды зерделеу; мынадай салаларда алынған нәтижелерді зерттеу және практикалық пайдалану: геология; минерагения, кен және мұнай түзу; тау-кен және мұнай-газ аудандарын, көмірсутек шикізаттары мен қатты пайдалы қазбалар кен орындарын, геоэкологияны кешенді зерттеу; пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өңдеу, геологиялық-түсіру, іздестіру-бағалау және іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу әдістері мен әдістемелерін дайындау және жетілдіру. Осы саладағы нарықтың үлесі – 4 0 % ;

8) географиялық орта эволюциясының қазіргі заманғы заңдылықтарын және республиканың географиялық жүйелерінің табиғи-ресурстық әлеуетінің динамикасын зерделеу; климаттың өзгеруі мен шаруашылық қызметті ескере отырып,

республиканың жер үсті суларының ресурстары мен режимдерін бағалау және болжау; қауіпті стихиялық құбылыстардың, табиғи апаттардың және табиғи ортаның экологиялық қауіпті өзгерістері қалыптасуының заңдылықтарын анықтау; табиғатты ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық тұрақсыздандырылған табиғи-шаруашылық жүйелерді қайта құрудың ұлттық және өңірлік бағдарламаларының негізі ретінде географиялық ортаның жай-күйін басқарудың ғылыми-әдістемелік және талдамалық базасын құру; табиғатты пайдалану саласындағы зерттеу, жоспарлау және басқарушылық ұйымдар қызметін геоақпараттық және картографиялық қамтамасыз ету құралдарын құру және жетілдіру. Осы саладағы на р ы қ т ы ң ү л е с і – 7 5 % .

Холдинг қызметінің перспективадағы басым бағыттары болып мыналар анықталған :

- 1) минералдық ресурстарды толықтыру, игеру, терең өңдеу және жаңа материалдар а л у ;
- 2) с у р е с у р с т а р ы ;
- 3) э н е р г е т и к а ;
- 4) ф а р м а ц е в т и к а .

Холдинг қызметінің басым бағыттарын директорлар кеңесі үнемі қарап отырады және экономика мен қоғамның даму үрдістерін есепке ала отырып, қажеттігіне қарай ж а ң а р т ы п о т ы р а д ы .

Холдинг компаниясының құрамында 2000-нан астам қызметкер еңбек етеді, оның ішінде 100-ге жуық ғылым докторы және 230-дан астам ғылым кандидаттары бар.

Холдинг құрамына кіретін компаниялар ұзақ уақыт бойы ғылымның әртүрлі салаларындағы бас ұйымдар болып табылады, бұл олардың көшбасшылығына және жоғары дәрежелі бәсекеге қабілеттіктеріне негізделген (осы Стратегияға 1-қосымшаға сәйкес 1-кесте – 2008 – 2010 жылдарға арналған ғылыми-технологиялық қызметтер к ө р с е т к і ш і) .

2009 жылғы қаржы-шаруашылық қызметтерінің нәтижесі бойынша Холдингтің кірістері 2 744 218 мың теңгені және шығыстары – 3 229 276 мың теңгені құрайды (осы Стратегияға 2-қосымшаға сәйкес 2-кесте – Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметтерінің шоғырландырылған көрсеткіштері). Холдингтің шоғырландырылған кірісі іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге бюджет көздерінен алынған ұйым кірістерінің – 70 %-ын және негізгі (қолданбалы зерттеулер) және негізгі емес (жалға беру және басқа) қызметтер бойынша бюджеттен тыс көздер кірістерінің – 30 %-ын қ а м т и д ы .

Холдингтің ағымдағы жағдайына SWOT-талдау қорытындысы төменде келтірілген.

Ә л с і з ж а қ т а р ы :

- 1) бюджеттік қаржыландыруға тәуелділігінің жоғары дәрежесі;
- 2) Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының ғылыми және (немесе)

ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін трансферттеумен және коммерцияландырумен жүйелі түрде айналысатын тиімді құрылымның жоқтығы;

3) ғылыми ұйымдардың ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) нәтижелерін коммерцияландыру, инвесторларды іздеу жолдарында тәжірибесі мен түсініктерінің жоқтығы, халықаралық капитал, технологиялар және зияткерлік меншік нарықтарымен өзара әлсіз іс-қимылы;

4) Холдингтің өзінің де, оның құрамына кіретін компаниялардың да рентабельділігінің төмен деңгейі;

5) жеке инвестиция көздерінің жоқтығы;

6) негізгі құралдардың тозуы;

7) әлсіз қаржы менеджменті.

К ү ш т і ж а қ т а р ы :

1) Холдинг құрамына кіретін ғылыми-зерттеу институттарының қызметтерін интеграциялау мүмкіндігі және осының есебінен синергетикалық тиімділікке қол ж е т к і з у ;

2) компаниялар мен Холдингтің ғылыми кадрларының жоғары кәсіби деңгейі;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің, зияткерлік меншікке құқықтарының және өндіріске енгізуге дайын технологияларының болуы;

4) отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен қызметтің негізгі бағыттары бойынша әріптестік қатынастар мен іскерлік байланыстарының болуы.

С ы р т қ ы қ а т е р л е р :

1) ғылымды қаржыландырудың жалпы көлемінде ТҚЖ қаржыландыруда мемлекет ү л е с і а з ;

2) өнеркәсіп секторының инновациялар енгізуге қызығушылығының төмен деңгейі. Өнеркәсіптік кәсіпорындарды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізуге тиімді ынталандырудың жоқтығы;

3) халықаралық және шетелдік ғылыми ұйымдар тарапынан бәсекелестікті күшейту;

4) мемлекеттік тапсырыстың шығыстары баптары құрылымының нақты шығындармен сәйкессіздігі.

М ү м к і н д і к т е р :

1) ғылым мен инновацияларды дамытуға жәрдемдесуге бағытталған мемлекеттік саясатқа негізделген қолайлы жағдайлар жасау;

2) инновациялық даму процесіне жеке сектор ресурстарын тарту үшін жеке капиталмен мемлекеттің әріптестігін дамыту мүмкіндігі;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың жеткілікті әлеуеті бар техникалық және жаратылыстану ғылымдары бейініндегі Қазақстанның ғылыми-зерттеу ұйымдарын басқару жөніндегі компанияларға Холдингті трансформациялау;

4) инновациялық жобаларды іске асыруға қызығушылық білдірген құрылымдарды біріктіретін орталық болу мүмкіндігі. Холдинг басты ұйым ретінде өз қызметінің басым бағыттары бойынша инновациялық жобаларды іске асыру үшін әкімшілік, ғылыми және өнеркәсіптік құрылымдардың күштерін шоғырландыруды қамтамасыз е т е а л а д ы ;

5) ғылыми ұйымдар мен өнеркәсіптік өндірістер арасында ұлттық инновациялық жүйеде негізгі біріктіруші буын болу мүмкіндігі;

б) шағын инновациялық өндірістерді ынталандыру және дамыту үшін ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктердің болуы.

2. Миссия және пайымдау

Холдингтің миссиясы – ғылыми, ғылыми-техникалық және (немесе) инновациялық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру саласындағы Холдинг қызметінің басым бағыттарында Қазақстан Республикасын ғылыми-технологиялық дамыту, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік үшін қолайлы жағдай жасау, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында акциялар пакеті (қатысу үлесі) Холдингтің орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге берілетін заңды тұлғаларды тиімді басқару.

Холдингтің пайымдауы – қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және оны Холдинг үшін ел экономикасының басым секторларына енгізу жөніндегі отандық және әлемдік инновациялық жүйеге интеграцияланған ғылыми және инновациялық жоғары технологиялық компания.

3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, қызметтің түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер

Қызметтің мынадай стратегиялық бағыттары айқындалған:

1) Холдинг қызметінің басым бағыттарында зерттеуден бастап ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізгенге дейінгі ғылыми-инновациялық циклді толық іске асыру;

2) Холдингтің активтерін тиімді басқару.

3.1. Стратегиялық бағыт – Холдинг қызметінің басым бағыттарында зерттеуден бастап ғылыми және (немесе)

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ЕНГІЗГЕНГЕ ДЕЙІНГІ
ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЦИКЛДІ ТОЛЫҚ ІСКЕ АСЫРУ**

**1-мақсат: Холдинг қызметінің басым бағыттарында экономиканы
сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті инновациялық ғылыми
әзірлемелермен қамтамасыз ету**

**Ескерту. 1-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1480
қаулысымен.**

М і н д е т т е р і :

1) ғылыми-технологиялық әзірлемелерге тапсырыстар портфелін қалыптастыру мақсатында Холдинг үшін экономиканың басым секторларындағы техникалық және технологиялық проблемаларды, міндеттер мен қажеттіліктерді талдау;

2) Холдинг үшін басым технологиялық бағыттарда перспективалық инновациялық жобалардың портфелін қалыптастыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндіктерін бағалау;

3) әлеуметтік маңызы бар және отандық экономикада сұранысқа ие Холдинг қызметінің тиісті бағыттары бойынша ғылыми-техникалық бағдарламалар мен ж о б а л а р д ы , о н ы ң і ш і н д е :

шетел ғалымдары мен сарапшыларын, шетелде тұратын қазақстандық ғалымдарды, сондай-ақ халықаралық деңгейде танылған әлем компаниялары мен ғылыми орталықтарын, шет елдердің ғылыми зерттеулер саласындағы ұйымдарын (ЮНЕСКО, ИСЕСКО, НАТО, СРДФ, ХҒТО, ИНТАС, Comstech ОИК, ШЫҰ, ЭЫҰ);

Назарбаев Университетімен, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялармен, ұлттық компаниялармен және ірі кәсіпорындармен, оның ішінде еркін экономикалық аймақтардың, бірінші кезекте Инновациялық технологиялар паркінің артықшылықтарын пайдалана отырып, бірлескен ғылыми- техникалық жобаларды тарту арқылы әзірлеу және іске асыру.

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р і :

1) әзірленген ғылыми-техникалық бағдарламалар саны 2015 жылға дейін жыл сайын кемінде 4, ал 2016 жылдан бастап жыл сайын кемінде 5;

2) іске асырылып жатқан ғылыми-техникалық бағдарламалар саны кемінде 10, 2015 жылға қарай – 14-ке, 2020 жылға қарай – 20-ға жеткізе отырып, оның ішінде 2014 жылдан бастап баламалы және жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалану, « жасыл» технологиялар бойынша кемінде 1, сондай-ақ су ресурстарын ұтымды пайдалану мен сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешу бойынша кемінде 1, іске асырылатын инновациялық жобалар саны – жыл сайын кемінде 60, оның ішінде әлемнің алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтарымен бірлескен ғылыми зерттеулер жыл

сайын кемінде 1, осы көрсеткіштерді 2015 жылға қарай 65-ке және 2-ге, 2020 жылға қарай 75-ке және 3-ке, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға тартылған шетел ғалымдары мен сарапшыларының, шетелде тұратын қазақстандық ғалымдардың саны жыл сайын кемінде 2, 2015 жылға қарай 5-ке, 2020 жылға қарай 7-ге жеткізе отырып;

3) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың, ұлттық компаниялар мен жеке кәсіпорындардың тапсырысы бойынша іске асырылған ғылыми жобалар мен бағдарламалар саны 2015 жылға қарай кемінде 10 және 2016 – 2020 жылдар кезеңінде кемінде 15, әзірленген технологиялар – берілген өтінімдерге оң қорытындылар, алынған патенттер саны жыл сайын Қазақстан Республикасының кемінде 15 патенті, 1 халықаралық патент, оның ішінде қолдау табатын қазақстандық және шетелдік патенттер 1000 ғалымға шаққанда 2011 жылға қарай кемінде 3, осы көрсеткіштерді тиісінше 2015 жылға қарай 17-ге, 5 және 5-ке, ал 2020 жылға қарай – 23-ке, 7 және 7-ге, сондай-ақ халықаралық танылған патенттерді 2015 жылға қарай кемінде 1-ге, ал 2020 жылға қарай кемінде 3-ке жеткізе отырып.

2-мақсат: Білім беру және алмасу процесін қамтамасыз ету

Ескерту. 2-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1480 қаулысымен.

М і н д е т т е р і :

1) республикада ғылыми және білім беру қызметін Холдинг қызметінің тиісті бағыттары бойынша мынадай жолдармен интеграциялау: студенттерге, магистранттар мен докторанттарға еншілес ұйымдар базасында ҒЗЖ орындауға мүмкіндік беру;

мамандарды даярлау саласында жаңа ғылыми білім беру үшін білім беру процесіне ғалымдарды тарту;

ЖОО жанындағы технопарктер қызметіне қатысу; білім берудің барлық деңгейін ақпараттандыруды инфокоммуникациялық және контенттік қамтамасыз ету;

2) әлеуетті инвесторлар іздеу үшін бизнес ортаға Холдинг үшін басым отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жетістіктерін беру жүйесін құру, оның ішінде мынадай жолдармен:

ұлттық академияларды тарту; бұқаралық ақпарат құралдарында басылымдар;

Холдингтің дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар, көрмелер және тұсаукесерлер ұйымдастыруы;

консорциалды келісімдерге және меморандумдарға қол қою.

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р і :

1) орындалатын ҒЗЖ-ға тартылған студенттер, магистранттар және докторанттардың саны кемінде 50, білім беру процесіне қатысатын ғалымдар саны жыл сайын кемінде 20, 2015 жылға қарай осы көрсеткіштерді тиісінше 60 және 25-ке, ал 2020 жылға қарай 90 және 30-ға жеткізе отырып;

2) халықаралық баспалардағы ғылыми басылымдардың саны 50, оның ішінде, жоғары рейтингте жыл сайын кемінде 10, 2015 жылға қарай осы көрсеткіштерді тиісінше 65 және 13-ке, ал 2020 жылға қарай 75 және 15 - к е ж е т к і з е о т ы р ы п ;

3) дайындалған монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарының саны, оның ішінде электрондық – жыл сайын кемінде 7, шығарылатын журналдар – кемінде 3 аталым, кітапхана қорын жаңа өзекті басылымдармен және әдебиеттермен толықтыру жыл сайын кемінде 100 дана, өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар – жылына кемінде 10, ғылыми жетістіктердің көрмелері мен тұсаукесерлері жыл сайын кемінде 6, консорциялық келісімдер мен меморандумдар жыл сайын кемінде 1, құрылған ғылыми-білім беру консорциумдарының шеңберінде іске асырылған жобалар жыл сайын кемінде 1, осы көрсеткіштерді тиісінше 2015 жылға қарай 10-ға, 4-ке, 200-ге , 12-ге, 8-ге, 2-ге, ал 2020 жылға қарай 15-ке, 5-ке, 300-ге, 15-ке, 10-ға, 3 және 3-ке жеткізе отырып.

3-мақсат: Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін тиімді коммерцияландыруды қамтамасыз ету

М і н д е т т е р і :

1) зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету (перспективалы, оның ішінде, халықаралық әзірлемелерге патенттер), патенттер, перспективалы әзірлемелер құнын бағалау және оларды азаматтық-құқықтық айналымға енгізу, оның ішінде, Холдингтің дайын әзірлемелері биржасы арқылы зияткерлік меншікке құқықты сату ж о л ы м е н ;

2) Холдингтің зияткерлік меншік құқықтарын коммерцияландыру тетіктерін әзірлеуі және енгізуі, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін консалтингтік қызметтер ұйымдастыру, жобаларды экономикалық, маркетингтік, заңдық сүйемелдеу;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында халықаралық инновациялық инкубаторлармен өзара і с - қ и м ы л д ы к е ң е й т у .

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р і :

1) бағаланған патенттер мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің саны жыл сайын кемінде 8 және азаматтық-құқықтық айналымға енгізілгендер саны – жыл сайын кемінде 3, 2015 жылға қарай осы көрсеткіштерді

тиісінше 10 және 5-ке, ал 2020 жылға қарай 15 және 8-ге жеткізе отырып;

2) әзірленген техникалық-экономикалық негіздемелер (ТЭН) саны жыл сайын кемінде 2 және бизнес-жоспарлар кемінде 4, 2015 жылға қарай осы көрсеткіштерді тиісінше 6 және 10-ға, ал 2020 жылға қарай 10 және 20-ға жеткізе отырып;

3) Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталығының жобалары портфеліндегі ғылыми әзірлемелер саны жыл сайын кемінде 20, оның ішінде, халықаралық инкубаторларды тарта отырып, жыл сайын кемінде 2 және 2015 жылға қарай осы көрсеткіштерді тиісінше 25 және 4-ке, ал 2020 жылға қарай 40 және 8-ге жеткізе отырып.

4-мақсат: Отандық технологияларды енгізу және шетелдік озық технологияларды трансферттеу

Ескерту. 4-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1480 қаулысымен.

М і н д е т т е р і :

1) технологияларды коммерцияландыруға іріктелген жобалар саны жыл сайын кемінде 3, 2015 жылға қарай 5-ке және 2020 жылға қарай 7-ге жеткізе отырып, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің отандық нәтижелерін іске асыруға қаражат салатын жеке сектор компанияларының саны 2011 – 2015 жылдар кезеңінде кемінде 7 және 2016 – 2020 жылдарда кемінде 20, отандық венчурлық қорлар арқылы қаржыландырылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдаланып жасалған жобалар саны 2015 жылға дейін кемінде 3 және 2016 – 2020 жылдарда кемінде 7;

2) Холдингтің басымдықтарына сәйкес қазіргі заманғы шетелдік технологияларға сұранысқа ие және Қазақстан жағдайына бейімделу мүмкіндіктері тұрғысынан мониторинг жүргізу және анықтау, алдыңғы қатарлы шетел технологияларының трансфертін ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету;

3) инжинирингтік қызметті ұйымдастыру, ТКЖ өткізу, перспективалы технологиялар негізінде тәжірибелі моделдер мен үлгілер құру.

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р і :

1) бірлескен жобаларды іске асыру кезінде жеке қаржыландыру үлесінің болжамды ұлғаюы 2015 жылға қарай тиісінше кемінде 50 % және 2020 жылға қарай кемінде 66 %, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің отандық нәтижелерін іске асыруға қаражат салатын жеке сектор компанияларының саны 2011 – 2015 жылдар кезеңінде кемінде 7 және 2016 – 2020 жылдарға кемінде 20;

2) әзірленген техникалық жобалардың, технологиялық регламенттердің, жобалық-конструкторлық құжаттамалардың саны жыл сайын кемінде 6 және енгізілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің отандық және шетелдік нәтижелері жыл сайын кемінде 3, осы көрсеткіштерді тиісінше 2015 жылға қарай – 8

және 5-ке, ал 2020 жылға қарай – 10 және 7-ге жеткізе отырып;

3) жүргізілген ТКЖ және құрылған тәжірибелік үлгілер мен моделдердің саны жыл сайын 2015 жылға қарай кемінде және 2020 жылға қарай кемінде 8.

Стратегиялық бағыт – Холдинг қызметінің басым бағыттарында зерттеуден бастап ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізгенге дейінгі ғылыми-инновациялық циклді толық іске асыру стратегиялық бағыты бойынша күтілетін нәтижелер

Холдинг өз қызметінің басым бағыттарында зерттеуден бастап ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізгенге дейінгі толық ғылыми-инновациялық циклін іске асырудың үлгілі моделі болады (осы Стратегияға 3-қосымшаға сәйкес 1-сурет – Холдингтің мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің ұсынылған тетігі, 2-сурет – Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының зияткерлік меншік құқықтарын басқару процесінде инвестициялар тарту тетігі).

Стратегиялық бағыттың мақсаттарын мен міндеттері іске асыру нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі:

1) зерттеулер сұранысқа ие ғылыми өнімді алуға бағытталады, олардың нәтижелілігі артады және коммерциялық қолдануға дайын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің сандық және сапалық өсуін қамтамасыз етіледі;

2) бюджет қаражаты есебінен алынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін тиімді құқықтық қорғау және есепке алу қамтамасыз етіледі;

3) өндірісте зерттеуден бастап ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізгенге дейінгі инновациялық жүйелер субъектілері арасында кооперациялық байланыс жақсарды;

4) Холдинг қызметінің басым бағыттарында инновацияларға және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне сұраныс артады және ҒЗТКЖ іске асыру үшін экономика саласына жеке сектор инвестицияларын тартудың өсуі қамтамасыз етіледі;

5) Холдинг үшін экономиканың басым секторларында шағын инновациялық кәсіпкерлік дамиды және отандық өндірістің инновациялық өнімдерінің көлемі артады;

6) Холдингті әлемдік ғылыми ортаға интеграциялау күшейеді;

7) бюджеттен тыс қаржыландыру жолымен ғылыми ұйымдардың өндірістік-шаруашылық және инновациялық қызметінің дамуы есебінен Холдингтің еншілес ұйымдарында қызмет ететін ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік деңгейі артады.

А т а п а й т қ а н д а :

1) күн және су энергетикасы, энергия үнемдеу, жаңа материалдар, тау-кен

металлургия кешені, фармацевтика, сондай-ақ аралас салалар сияқты Холдинг қызметінің басым бағыттарында әлемдік деңгейдегі ірі ғылыми-технологиялық б а с т а м а л а р қ ұ р ы л а д ы ;

2) қазіргі заманғы технологиялар нарығында Қазақстанға өз тауашаларын қамтамасыз етуге қабілетті жаңа жоғары технологиялық өндіріс пен салалар б а с т а м а ш ы л ы қ ж а с а л ғ а н ;

3) Холдинг қызметінің басым бағыттары бойынша инновациялық технологияларды дәйекті әзірлеу және сынау үшін жағдайлар жасалады, бұл өнеркәсіпке енгізілетін технологиялар санын ұлғайтуға және процесті жеделдетуге және жаңа шағын ғылымды қажетсінетін өндірісті ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

4) халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін дәрілік препараттар өндіру бойынша ғылымды қажетсінетін технологиялар құрылады және өндіріске енгізіледі;

5) электрондық оқулықтар мен оқу құралдары кең қолданылады, бұл білім беру жүйесінің жаңғыртылуына ықпал етеді, білім беру сапасы мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бойынша ел индексінің а р т у ы н а м ү м к і н д і к б е р е д і ;

6) су және минералды-шикізат ресурстарын өсіру және толықтыру, экологиялық, су және сейсмологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өндірістік-аумақтық және табиғи кешендерді тұрақты дамыту бойынша міндеттер шешіледі.

3.2. Стратегиялық бағыт – Холдинг активтерін тиімді басқару

1-мақсат: Стратегиялық және жедел басқару бойынша тиімді жүйелер құру

Ескерту. 1-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1480 қаулысымен.

М і н д е т т е р і :

1) корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, корпоративтік мәдениет деңгейін арттыру және корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын енгізу;

2) ҚР СТ ИСО 9001 стандартына сәйкес Сапа менеджменті жүйесін және ғылыми және өндірістік қызметтің халықаралық стандарттарын енгізу (GLP, GSP, ISO).

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р і :

1) 1-ден 4-ке дейінгі шәкілде корпоративтік басқару рейтингі: 2015 жылға қарай қол жеткізуге жоспарланып отырған мәндер – 2, 2020 жылға қарай – 4;

2) ҚР СТ ИСО 9001 стандартына сәйкес сертификат алған Компаниялар саны – 2014 ж ы л ғ а қ а р а й 1 0 ;

3) GMP, GLP, GSP, ISO тиісті ғылыми практикасын сақтауға халықаралық сарапшылардың қатысуымен сертификатталған зертханалар саны 2011 жылдан бастап 2015 жылға дейін барлығы 3, ал 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін – 10.

2-мақсат: Ғылыми-техникалық әлеуетті, оның ішінде инфрақұрылымдар мен адам ресурстарын тиімді басқару

Ескерту. 2-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1480 қаулысымен.

М і н д е т т е р і :

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциаландыру, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымдарын жаңғырту (тәжірибелі өндірістер мен конструкторлық конструкторлық бюро құру, зертханалық жабдықтармен кезең-кезеңімен жабдықтау, ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу) тетіктерін енгізу және одан әрі дамыту мақсатында Холдинг активтерінің құрылымдарын дамыту және жетілдіру, оның ішінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен;

2) кадр әлеуетін өсіру: жоғары білікті қызметкерлерді іріктеу, қайта даярлауды ұйымдастыру және біліктілік арттыру, оның ішінде, ғалымдар мен инженер-техникалық қызметкерлерді өз қаражаты есебінен жобаларды басқару негіздеріне оқыту жолымен персоналдың құзіреті мен дағдыларын дамыту;

3) еншілес ұйымдар менеджментін ынталандырудың ашық және тиімді саясатын әзірлеу, олардың қызметтерін рейтингтік бағалауды енгізу.

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р :

1) құрылған тәжірибелік өндірістер мен конструкторлық бюролар (КБ) саны 2015 жылға қарай кемінде 4 және 2020 жылға қарай кемінде 10, ғылыми әзірлемелерді коммерциаландыру ұйымдары, оның ішінде венчурлық қордың – 2013 жылға қарай кемінде 1 және 2016 – 2020 жылдар кезеңінде кемінде 1;

2) 2020 жылға қарай кадрлардың тұрақтамау көрсеткішінің 15 %-ға төмендеуі, 39 жасқа дейін ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындап жатқан маман-зерттеушілердің үлес салмағы зейнетақы жасына дейінгі зерттеушілер құрамының жалпы санына шаққанда 2015 жылға қарай 40 %, 2020 жылға қарай 50 %;

3) біліктілігін арттырған, оның ішінде шетелдік технологияларды пайдалануға, жобаларды басқару негіздеріне оқытудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлер с а н ы ж ы л с а й ы н к е м і н д е 5 0 а д а м ;

4) қазақстандық тауарлардың жергілікті қамту үлесін оларды сатып алу бойынша жалпы шығындарға шаққанда 2015 жылға қарай кемінде 25 %-ға, 2020 жылға қарай кемінде 50 %-ға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің үлесін оларды сатып алу бойынша жалпы шығынға шаққанда 2015 жылға қарай кемінде 60 %-ға, 2020 жылға қарай кемінде 80 %-ға жеткізу.

3-мақсат: Холдинг компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету

Ескерту. 3-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1480 қаулысымен.

М і н д е т т е р і :

- 1) Холдингтің шоғырландырылған кірісінің өсуін қамтамасыз ету;
- 2) мемлекеттік емес қаржыландыру үлесін ұлғайту;
- 3) Холдинг компанияларының залалсыздығын және табыстылығын қамтамасыз ету.

Т ү й і н д і к ө р с е т к і ш т е р :

- 1) 2020 жылға қарай кірістің 2010 жылмен салыстырғанда кемінде 5 есе өсуі;
- 2) мемлекеттік емес қаржыландыру көлемінің 2010 жылмен салыстырғанда жыл сайынғы өсуі кемінде 10 %, 2015 жылға қарай кемінде 1,5 есеге, 2020 жылға қарай 2010 жылдың көрсеткішіне карағанда кемінде 2 есеге жеткізе отырып;
- 3) Холдингтің шоғырландырылған рентабельділігі 2015 жылға қарай кемінде 15 %, 2020 жылға қарай кемінде 20 %.

Холдинг активтерін тиімді басқару стратегиялық бағыты бойынша күтілетін нәтижелер

Холдинг корпоративтік басқарудың жоғары мәдениеті бар компания болады.

Холдингтің ғылыми, шаруашылық және қаржы қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Холдингтің директорлар кеңесі бекіткен стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға қатаң түрде сәйкес жүзеге асырылады.

Технологиялық болжамдаудан бастап ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға және енгізуге дейінгі инновациялық процестің толық циклін қамтамасыз ететін инфрақұрылым құрылады (осы Стратегияға 3-қосымшаға сәйкес 3-сурет – Холдингті білім мен технологияны генерациялау және беру орталығы ретінде дамыту).

Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының ғалымдары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері олар қол жеткізген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында жобаларды тиімді басқара алады.

2011 жылдан бастап Холдинг және оның еншілес ұйымдары бойынша оң қаржы нәтижелері және рентабелділігінің жыл сайынғы артуы қамтамасыз етіледі (осы Стратегияға 4-қосымшаға сәйкес 3-кесте – Холдингтің 2011 – 2015 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған жоспарлы көрсеткіштері, осы Стратегияға 5-қосымшаға сәйкес 4-кесте – Холдинг кірістерінің шоғырландырылған жоспары).

Қорытынды

Холдинг өз қызметінің басым бағыттары бойынша қазақстандық ғылымның ел экономикасына тиімді интеграциялануына, инновациялық процесс арқылы ғылыми жетістіктердің нарықтық іске асуына ықпал етеді және республикамыздың инновациялық индустрияландырылуын және технологиялық жаңғыртылуын ғылыми-техникалық және технологиялық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Мақсаттарға қол жеткізу және алға қойылған міндеттерді орындау Холдингтің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін әзірлеу, коммерцияландыру және Холдинг үшін экономиканың басым секторларына енгізу бойынша қызметін дамыту және қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру жолымен қамтамасыз етіледі. Стратегияға салынған тәсілдер, өз кезегінде, ғылыми жобаларды таңдаудың объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді және зерттеулердің сапасы мен өзектілігін қамтамасыз етеді.

Стратегияны іске асыру үшін Холдинг компанияларының ғылыми-техникалық, қаржы және ақпараттық ресурстары барынша толық пайдаланылады, олардың тиімді ынтымақтастығы қамтамасыз етіледі.

Түйінді көрсеткіштер мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізу елдің бәсекеге қабілетті ғаламдық индексінің (БҒИ) «Ғылыми-зерттеу институттарының сапасы», «Патенттер», «Университеттердің өнеркәсіппен ғылыми ынтымақтастығы», «Инновацияларға қабілеттілігі», «Ғалымдар мен инженерлердің қол жетімділігі», «Соңғы технологиялардың қол жетімділігі», «Компаниялардың зерттеу жұмыстары мен әзірлемелерге арналған шығындары», «Ғылыми инфрақұрылым» сияқты индикаторларының жақсаруына ықпал етеді.

Стратегия ағымдағы уақыттың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына қалыптастырылған және сыртқы экономикалық және саяси факторлар, елдегі макроэкономикалық көрсеткіштер өзгерген жағдайда және өзге де елеулі жағдайларда түзетілуі мүмкін.

«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының 2011 – 2020 жылдарға арналған даму

стратегиясына

1-қосымша

1-кесте - 2008 – 2010 жылдарға арналған ғылыми-технологиялық қызмет көрсеткіштері


Р / б №	Көрсеткіштер атауы	Өндірістік көрсеткіштер (дана)		
		2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл

8.	Капитал, оның ішінде:	5 718 495	5 667 642	99	7 831 341	7 464 445	95	7 041 736	7 387 872	132	106
1)	Жарғылық капитал	5 395 066	5 395 066	100	7 790 575	7 790 575	100	7 790 575	7 790 575	144	100
2)	Резервтер										
3)	Азшылық үлесі										
4)	Бөлінбеген кіріс жабылмаған залал)	(323 429	272 576	84	40 766	-326 130	-800	-748 839	-402 703	-120	44

«Парасат» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
холдингі» акционерлік қоғамының
2011 – 2020 жылдарға арналған
даму стратегиясына

3-қосымша


1-сурет – Холдингінің мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің ұсынылған тетігі



Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
МЖӘ – мемлекеттік-жеке меншік әріптестік
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия

және жаңа технологиялар министрлігі
 БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми зерттеулер және жұмыстар
 Ғ ы л ы м министрлігі
 ҒЗТКЖ – ғылыми зерттеулер және жұмыстар
 тәжірибелік-конструкторлық «Парасат» холдингі – «Парасат» ұлттық
 ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамы

2-сурет – Холдингінің және оның еншілес ұйымдарының зияткерлік меншік құқықтарын басқару процесінде инвестициялар тарту тетігі



3-сурет – Холдингіті білім мен технологияларды генерациялау және беру орталығы ретінде дамыту



Е с к е р т п е :

«Парасат» Холдингі – «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамы

«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының 2011 – 2020 жылдарға арналған даму стратегиясына 4-қосымша

3-кесте – Холдингінің 2011 – 2015 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған жоспарлы көрсеткіштері

Р/н №	Көрсеткіштер атауы	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
		жоспар (мың теңге)	жоспар (мың теңге)	жоспар (мың теңге)	жоспар (мың теңге)	жоспар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7
1.	Кірістер, барлығы, оның ішінде:	4 191 052	3 799 090	4 465 423	5 298 632	6 338 546
	Негізгі қызметтен түсетін кірістер	3 821 528	3 152 478	3 778 577	4 498 191	5 511 566
2.	Шығыстар, барлығы, оның ішінде:	4 264 700	3 749 001	4 404 597	5 196 861	6 213 991
1)	Негізгі қызметтен	3 423 027	3 087 465	3 726 144	4 485 406	5 482 332

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	055 ҚР БҒМ	Жақын және алыс ғарыш жүйелері мен объектілерін зерделеу, Жерді ғарыштан зерттеу, ғарыш технологияларының ғылыми негіздерін дамыту	27 929	27 929	29 884*	31 976*	31 976*	31 976*
2.	055 ҚР БҒМ	Жаңа технологиялардың ғылыми негіздерін әзірлеу және әртүрлі функционалдық мақсаттағы перспективалық материалдарды құру	212 733	212 733	227 624*	243 558*	243 558*	243 558*
3.	055 ҚР БҒМ	Минералдық және су ресурстарын толықтырудың, бағалаудың, және игерудің қазіргі заманғы проблемаларын шешудің ғылыми негіздері, геологиялық-географиялық жүйелердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және табиғи және техногендік қауіптердің алдын алу	317 642	317 642	339 877*	363 668*	363 668*	363 668*
4.	055 ҚР БҒМ	Биологиялық жүйелердің жұмыс істеуінің заңдылықтары – медицина, ауылшаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау үшін инновациялық технологияларды құру негізі	20 566	23 066	23 066*	24 681*	24 681*	24 681*
5.	055 ҚР БҒМ	Өсімдік шикізатынан алынған жаңа тиімді дәрілік препараттарды әзірлеу және олардың өндірісін GMP халықаралық стандарты бойынша ұйымдастыру	120 000	120 000	120 000*			
6.	055 ҚР БҒМ	Ғылыми бағдарламалар мен жобалардың мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасы	94 015					
7.	055 ҚР БҒМ	2009 – 2011 жылдарға арналған ғылымды дамыту үшін қолайлы ақпараттық орта құру	313 952	313 952				
8.	006 ҚР БҒМ	Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету	237 141	237 141				
9.	055 ҚР БҒМ	ҚР-да наноғылым мен нанотехнологияларды дамыту	8 130	8 130	8 130			
		2010 – 2012 жылдарға арналған мемлекетаралық ынтымақтастық	134 867	135 197	36 238			

10	055 ҚР БҒМ	және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар					
11	055 ҚР БҒМ	ҚР-да жаңартылған энергетиканы дамыту	55 154				
12	055 ҚР БҒМ	ҚР-да химия өнеркәсібін дамытуды ғылыми қамтамасыз ету	14 450	14 450	14 450		
13	055 ҚР БҒМ	Төтенше жағдайлардағы тәуекелдерді бағалау үшін республикалық атлас пен бірыңғай дерекқор құру және ГАЖ-технологияларын пайдалана отырып, оларды басқару	135 639	135 639			
14	055 ҚР БҒМ	Антропогенді және климаттық негізделген өзгерістер жағдайында Қазақстанның табиғи суы ресурстарын бағалау және пайдаланылуын болжау	354 208	354 208			
15	055 ҚР БҒМ	Қазақстанның шөлейттенуі және табиғи қауіптері	100 000	100 000	100 000*		
16	055 ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасындағы табиғи апаттар, авариялар мен зілзалалардың алдын алу және олардың салдарын жоюға бағытталған шараларды іске асыру	154 394	154 394			
17	026 ҚР ИЖТМ	«Дубов учаскесінде көмір қабаттарынан метан өндіруге дайындық» жобасына техникалық-экономикалық негіздеме		35 000			
18	026 ҚР ИЖТМ	Құйылған алюмоматрикалық композициялық антифрикциялық материалдарды алу үшін технологияларды әзірлеу және орнату		9 000	9 000		
19	026 ҚР ИЖТМ	Төмен сапалы бокситтерді қайта өңдеудің гидрогранаттық технологияларын әзірлеу		8 927	11 073		
20	026 ҚР ИЖТМ	Минералды тыңайтқыштар өндірісінің қалдығы – фосфогипстен сирек кездесетін жер элементтерінің концентратын алу тәсілін әзірлеу		12 800	6 800		
21	026 ҚР ИЖТМ	Жаңа туберкулезге қарсы, микробқа қарсы, суық алатын «Эферол» фитопрепаратын		12 000	8 000		

	алудың тиімді технологиясын әзірлеу және оның тәжірибелік өндірісін ұйымдастыру						
22	Басқа да жобалар	1 041 609	1 665 160	2 581 989	3 561 826	4 368 261	5 384 229
23	Негізгі емес қызметтен түсетін кірістер	347 584	293 684	285 000	239 714	266 489	290 435
24	Жиыны:	3 684 343	4 191 052	3 799 090	4 465 423	5 298 632	6 338 546

* сомалар жыл сайын тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Г А Ж

– географиялық ақпараттық жүйелер

ҚР ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар

м и н и с т р л і г і

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР – Қазақстан Республикасы